

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, оның ведомстволары және аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілері арасындағы «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу үшін ішкі конкурс

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

С-О-3 санаты үшін: Жоғары білім. Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда үш жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес;

4) өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқан судьяларды қоспағанда, судья лауазымында қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

5) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде орталық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының немесе облыстық деңгейдегі басшылық лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

б) жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

С-О-4 санаты үшін: Жоғары білім;

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-4, В-4, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-4, В-4, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-4, В-4, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

4) өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқан судьяларды қоспағанда, судья лауазымында қызмет өтілі алты айдан кем емес;

5) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде орталық немесе облыстық деңгейдегі құқық қорғау органдарының орта басшы құрамынан немесе арнайы мемлекеттік органдардың кіші офицерлер құрамынан төмен емес немесе әскери атағында кіші офицерлер құрамынан төмен емес Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейдегі, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

б) жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

С-О-5 санаты үшін: Жоғары білім;

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы:

Категория	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
С-О-3	123257	166564
С-О-4	109932	148242
С-О-5	83282	112430

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 150000, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 56, анықтама үшін телефондар: 8 (7152) 50-00-51, факс 46-45-07, 46-21-98 электронды мекен-жайы: aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.aimambekova@kgd.gov.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға ІШКІ КОНКУРС жариялайды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Заң басқармасының басшысы, санаты С-О-3, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: СҚО бойынша МКД қызметін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң басқармасының жұмысын басқарады және үйлестіреді. Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік кіріс органдарында наразылық талап жұмыстарына бақылау жасау. Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік кіріс органдарындағы әкімшілік практика. Құқықтық сипатты бұйрықтар мен басқа да құжаттардың қолданыстағы заңнаманың сәйкестігіне құқықтық сараптама.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «құқық» бейіні бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Салықтық актілерді бақылау басқармасының басшысы, санаты С-О-3, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Салық аудитін жетілдіруге қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен жетілдіруде бөлім жұмысын ұйымдастыру мен бақылау; САЭБ АЖ салық ісін дұрыс жүргізілуін талдау; САЭБ АЖ орындалатын жұмыстың уақытылы орындалуы мен сапасын бақылау; салықтық тексеру актілеріне камералдық бақылау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) немесе «білім» (математика немесе информатика) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасының басшысы, санаты С-О-3, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Басқарма жұмысын ұйымдастырады, Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келмейтін Мемлекеттік шекарадағы автокөлік өткізу пункттеріндегі жұмыстарды қадағалауды іске асырады. Тауарлардың импорты мен экспорты кезінде жанама салықтардың қосылған құн салығын әкімшілендіру және бюджетке келіп түсуінің толықтығын қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, Қазақстан Республикасының аумағына қызметтер көрсету бойынша бақылауды жүзеге асырады. Бұқаралық ақпарат құралдарында қосылған құн салығы және акциздерді әкімшілендіру бойынша ережені баяндайды, салық төлеушілермен семинарлар өткізуге қатысады, басқарманың құзыреті шегінде ұсыныстар дайындайды және талдайды. Хаттар, өтініштер, шағымдарды жедел қарауды қамтамасыз етеді және оларды дер кезінде шешу бойынша шаралар қабылдайды. Жұмыс жоспарын, міндеттер мен тапсырмаларды практикалық орындау бойынша басқарма жұмысын бақылауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

4. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Тайынша» кеден бекетінің басқарма басшысы - кеден бекетінің басшысы, санаты С-О-3, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Кеден бекеті қызметін ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау және іске асыруды қамтамасыз етеді; кеден бекетінің лауазымды тұлғаларының міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды; кеден бекетінің лауазымды тұлғаларымен төлемдер мен салықтарды дұрыс есептеулеріне, ставкаларды қолдануларына, мониторинг және декларациялауға жататын тауарлар мен көлік құралдарының кедендік құнын анықтаудың дұрыстығына, сыртқы экономикалық тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды жіктеуге, кедендік рәсімдеудің жеңілдетілген және оңайлатылған тәртібін дұрыс қолдануға және кедендік төлемдер мен салықтардың төлеу мерзімдеріне бақылау жасайды; кеден бекетінің лауазымды тұлғаларымен кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты тарифтік емес реттеу, тыйымдар мен шектеулер шараларын қадағалауға бақылау; кеден бекетінің лауазымды тұлғаларымен ЕАЭО мен Қазақстан Республикасы кеден заңнамасымен бекітілген тарифтік реттеу шараларын қадағалауға бақылау, кеден бекеті құзыреті шегінде кеден ісі аясындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қатысты күрес жүргізу жөніндегі жедел шараларды іске асырады; жоғары тұрған лауазымды тұлғалармен өздерінің құзыреті шегінде жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

5. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Талдау және тәуекелдер басқармасы салықтық әкімшілендіру тиімділігін талдау бөлімінің басшысы, санаты С-О-4, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Бөлімнің жалпы басшылығы мен қызметін үйлестіру; МКД басқармалары және аудандық МКБ-мен қолданылатын салықтық әкімшілендіру бойынша толықтығы шараларын бақылауды жүзеге асыру; МКД және аудандық басқармалармен берілген дұрыс емес мәліметтерді және тиімсіз жұмыс әдістерін жүргізуін анықтау; салықтар мен басқа да

міндетті төлемдерді басқаруды жетілдіру бойынша ұсынымдарды, ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ төменгі деңгейдегі мемлекеттік кірістер басқармаларының жұмысын жақсарту.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

6. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасының экспорттық бақылау бөлімінің басшысы, санаты С-О-4, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Бөлім жұмысын ұйымдастырады, Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келмейтін Мемлекеттік шекарадағы автокөлік өткізу пункттеріндегі жұмыстарды қадағалауды іске асырады. Тауарлардың қозғалысы бойынша ақпаратты жинау және жинақтауды бақылауды жүзеге асырады. Жанама салықтардың келіп түсуі бойынша әкімшілендіру үшін мәліметтерді уақтылы беру бойынша жұмыстарды жасайды. Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келмейтін Мемлекеттік шекарадағы автокөлік өткізу пункттеріндегі тауарлардың қозғалысы бойынша жұмыс үшін басқа уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасайды. Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар ауыстырумен айналысатын салық төлеушілерге ҚР нормативтік актілер талаптарының сақтауы тұрғысынан тексеру жүргізуге қатысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

7. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасының экспорттық бақылау бөлімінің бас маманы, санаты С-О-5, 18 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келмейтін Мемлекеттік шекарадағы автокөлік өткізу пункттеріндегі жұмыстарды іске асырады. Тауарлардың қозғалысы бойынша ақпаратты жинау және жинақтау бойынша жұмысты жүзеге асырады. Жанама салықтардың келіп түсуі бойынша әкімшілендіру үшін мәліметтерді уақтылы беру бойынша жұмыстарды жасайды. Еуразия экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келмейтін Мемлекеттік шекарадағы автокөлік өткізу пункттеріндегі тауарлардың қозғалысы бойынша жұмыс үшін басқа уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар ауыстырумен айналысатын салық төлеушілерге ҚР нормативтік актілер талаптарының сақтауы тұрғысынан тексеру жүргізуге қатысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

8. Экспорттық бақылау басқармасының үшінші елдердің және Кеден одағының импортын әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, санаты С-О-5, 2 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Тауарлардың импорты мен экспорты кезінде жанама салықтардың қосылған құн салығын әкімшілендіру және бюджетке келіп түсуінің толықтығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының аумағына жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша жұмыстарды жүргізеді. Салық төлеушілермен кездесулер және семинарлар жүргізуге қатысады. Үшінші елдер аумағынан және кеден одағынан Қазақстан Республикасының аумағына көшірілетін тауарларды декларациялауға, жанама салықтарды төлеуге және олар бойынша шолу хаттарды дайындауға талдау жүргізеді. Хаттар, өтініштер, шағымдарды жедел қарауды қамтамасыз етеді және оларды дер кезінде шешу бойынша шаралар қабылдайды. Қазақстан Республикасының аумағына импорт пен экспортқа жанама салықтарды әкімшілендіру мәселесі жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды. Құжаттаманы және іс жүргізуді ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

9. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Аудит басқармасы № 2 аудит бөлімінің бас маманы (2021ж. 28.04. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне), санаты С-О-5, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Құжаттық кешенді, тақырыптық, қарсы тексерулер жүргізу. Тексеру актілерінің нәтижелері бойынша хабарламалар жазу және оның орындалуына бақылау жүргізу, сот органдарында тексеру актілері бойынша шағымдарды, талап қуыным өтініштерді қарастыруға қатысу. Әкімшілік материалдарды құрастыру және олардың орындалуына бақылау жасау. Кәсіпорындар мен ұйымдарда нөлдік ставканы қолданудың дұрыстығы және бюджеттен есесін қайтаратын ҚҚС талап етілген сомасының сенімділігі туралы тексеру жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

10. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тарифтік реттеу және пост-кедендік бақылау басқармасы тарифтік реттеу бөлімінің бас маманы, санаты С-О-5, 2 бірлік;

Функционалдық міндеттері: СЭҚ ТН келісілген тауарларды жіктеу, тарифтік реттеу шараларын қолданылуын бақылауды іске асыру; басқарма құзіретіне жататын, мәселелер бойынша сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының жүгінулер қарау; СЭҚ ТН кодына сәйкес Тауарлардың шығарылған елі бойынша тауарларды жіктеу жөнінде алдын-ала шешімдерді шығару, СЭҚ ТН кодына сәйкес тауарларды жіктеу, кеден құны бойынша қорытындылар шығару, кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды заңға және бөлім туралы ережеге сәйкес қабылдау, Бөлім құзыретіне жататын мәселелер бойынша есептік деректер негізінде аналитикалық ақпаратты дайындау; жұмыс топтарына қатысу, кеден саласында нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

11. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Тарифтік реттеу және пост-кедендік бақылау басқармасы пост- кедендік бақылау бөлімінің бас маманы, санаты С-О-5, 3 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Департамент және комитет басшылықтарының тапсырмаларын қарауға түскен тапсырмаларды белгіленген тәртіпте және мерзімде орындалуын қамтамасыз етеді; кеден ісі саласындағы өзге және сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына кедендік тексерістерді ұйымдастыру және жүргізуді іске асырады; әкелу кеден баждары, салықты төлеу бойынша жеңілдіктер берілген тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету бойынша шектеулермен ұштасқан шартты шығарылған тауарларды есепке алуды ұйымдастыру және, сондай-ақ кеден ісі саласында кеден және өзге заңнама талаптарын сақтау жөнінде есепке алу әдісімен ҚҚС төленген тауарларды бақылауды іске асырады; тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау мәселесі бойынша жұмыс топтарына қатысады; Бөлім құзіреті шегінде кеден ісі саласында нормативті-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады, кеден заңнамасын жүйелі бұзушылықтарын, жоғары тәуекелдер объектілерін анықтау жөнінде ТД электронды көшірмелерінің деректер қорына талдау жүргізу; тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау мәселелері бойынша сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының жүгінулері бойынша және тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау нәтижелері бойынша тауарларға арналған декларацияны түзету (бұдан әрі – ТДТ) уақытылы және заңды рәсімдеуді бақылауды іске асыру; кеден ісі саласында сыртқы экономикалық және өзге қызмет қатысушыларына кедендік тексерістерді жүргізуге қатысады;

кеден тексерістерінің нәтижелері бойынша тәуекелдер бейіндері жобаларын қалыптастыру және кеден тексерістерінің актілерін талдау; атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша талдау ақпаратын, есептерді және материалдарды Департамент және Комитет басшылығына ұсынуды қамтамасыз ету; Бөлім құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, Еуразия экономикалық Одағының мүше- мемлекеттердің кедендік және өзге құзіретті органымен өзара сі-қимылды іске асыру; Бөлім құзіретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың жүгінулері мен азаматтардың өтініштерін қарау; Бөлім құзіретіне жататын, мәселелер бойынша соттарда Департаменттің мүддесін белгіленген тәртіпте ұсыну; Бөлім жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысады және оның орындалуын қамтамасыз ету, қызметтік міндеттерді орындағанда алынған, мәліметтерді жария етпеу және сақтау, таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қорғау бойынша барлық талаптарды орындау; Департаменттің жоғары тұрған лауазымды тұлғаларының өкілдігі шегінде жүктелген, өзге міндеттерді орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

Құжаттарды қабылдау мерзімі ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған кейін келесі жұмыс күннен бастап 3 жұмыс күн.

Аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері сканерленген құжаттарын aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.aimambekova@kgd.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша ұсына алады.

Іріктеуге қатысу үшін:

а) қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш (2- қосымша);

б) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Басқарушы лауазымдарына үміттенген кандидаттар конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар тізімінен бір эссені жазады.

Конкурс комиссиясының қарауына азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына (aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.aimambekova@kgd.gov.kz) электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электронды Үкімет порталы жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы ***әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.***

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының олардың қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде, 150000, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 56 мекен жайы бойынша, (анықтама үшін телефондар: 8(7152) 50-00-51, 46-45-07, 46-21-98) кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік органның басшысының (жауапты хатшысының) келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

«Б» корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуға конкурс өткізу
қағидаларына 2-қосымша

(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

_____ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын
қалыптастыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен
келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекен жайы және байланыс телефоны _____

қолы

_____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

«__» _____ 20__ ж.